

Әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бөлімнің 2016 жылғы қызметі туралы ақпарат

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі - РҚББОӘО) **қызметінің мақсаты:** балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту, ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік, ұйымдастыру-мазмұндық, ақпараттық және сараптамалық қолдау жолдарымен сапалы қосымша білім беруге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

2016 жылы әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бөлім келесі іс-шараларды іске асырды:

1. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының **243 педагогтері үшін 5 біліктілікті арттыру курстары және 2 семинар ұйымдастырылып өткізілді.**

Республикалық біліктілікті арттыру курстары:

1. «Балалар қоғамдық ұйымының жұмысын ұйымдастыру нысандары және әдістері» (Алматы қаласы, 2016 жылғы 23-27 ақпан аралығы). Тыңдаушылар саны – 43 адам.

2. «Білім беру ұйымдарының әлеуметтік-педагогикалық қызметі» (Атырау қаласы, 2016 жылғы 5-9 сәуір аралығы). Тыңдаушылар саны – 37 адам.

3. «Жазғы сауықтыру және мектеп жанындағы лагерлерде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» (Алматы қаласы, 2016 жылғы 26-30 сәуір аралығы). Тыңдаушылар саны – 23 адам.

4. «Эстрадалық ұжыммен жұмыстың дәстүрлі және инновациялық әдістері» (Алматы қаласы, 2016 жылғы 3-6 мамыр аралығы). Тыңдаушылар саны – 21 адам. 17) «Аула клубтарының білім беру үдерісіндегі заманауи педагогикалық технологиялар» (Қостанай қаласы, 2016 жылғы 17-21 азан аралығы). Тыңдаушылар саны – 19 адам.

5. «Қосымша білім беру жүйесінде балаларды әлеуметтік-тұлғалық дамыту» (Павлодар қаласы, 2016 жылғы 25-29 қазан аралығы). Тыңдаушылар саны – 28 адам.

Республикалық семинарлар:

Республикалық оқыту семинарлары:

1) «Қосымша білім беру жүйесі-қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы балалардың әлеуметтік қалыптасуы мен кәсіби өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін фактор» тақырыбындағы республикалық оқыту семинары Павлодар облысы, Екібастұз қ. 2016 жылғы 21 қаңтар «Қайнар» оқу-сауықтыру кешені, М.Глинкин ат. балалар музыка мектебі, балалар өнер мектебі. Тыңдаушылар саны – 61 адам.

2) «Қосымша білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында музыкаға оқытудың инновациялық әдістері» (Семей қаласы, 2016 жылғы 5 мамыр.) Қатысушылар саны – 49 адам.

3. РҚББОӨО-ның www.ziyatker.org сайтында педагогтер, сондай-ақ білім алушылар арасында 12 *республикалық интернет-байқауы* ұйымдастырылды, оның ішінде – **1 517 білім алушы мен педагог қатысты.**

1. «Әлемді тербеткен ана» (2016 жылғы 25 ақпан – 5 наурыз). Қатысушылар саны – 380.

2. «Менің сүйікті авторым» (2016 жылғы 5 сәуір – 23 мамыр). Қатысушылар саны – 69.

3. «Жақындарыма жазылған хат» (2016 жылғы 7 сәуір – 23 мамыр). Қатысушылар саны – 47.

4. «Отаныма 25 игілікті іс» (2016 жылғы 29 қаңтар – 30 наурыз). Қатысушылар саны – 510.

5. «Отанымның айбыны» (2016 жылғы 17 наурыз – 25 мамыр). Қатысушылар саны – 14.

6. «Төрлет, Наурыз!» (2016 жылғы 2 ақпан – 28 наурыз). Қатысушылар саны – 139.

7. «Мамандықтың бәрі жақсы» (2016 жылғы 2 ақпан – 30 наурыз). Қатысушылар саны – 183.

8. «Достық сабағы» (2016 жылғы 17 наурыз – 30 сәуір). Қатысушылар саны – 43.

9. Жас достарымның арасындағы жазғы күндерім» (2016 жылғы 20 ақпан – 26 сәуір). Қатысушылар саны – 8.

10. «Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз» (2016 жылғы 11 сәуір – 23 мамыр). Қатысушылар саны – 5.

11. «Ұрпаққа ұран болған Ұлы ерлік» (2016 жылғы 11 сәуір – 23 мамыр). Қатысушылар саны – 83.

12. «Мұражай жәдігерлері не дейді» (2016 жылғы 13 сәуір – 19 мамыр). Қатысушылар саны – 37.

Бөлім жетекшісі

Р.Асавбаева